



Құрметті университет ұжымы! Сіздерді мемлекеттік мереке - Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті күнімен құттықтаймын!

Осынау мерекелі күн Қазақстан халқының өзінің Тұнғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа деген жоғары сенімінің, төрек құрметінің және мойындауының дәлелі деп білеміз. Осьдан 30 жыл бұрын Қазақстан халқының Елбасымызға басым көпшілік пен дауыс беруі - елдің болашақ тағдырын айқындаған айрықша таңдаулы оқиғаға айналды.

Біздің Елбасымыз елімізді қызын, курделі кезеңде басқарды. Қазақстан ең алдымен Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында нарықтық реформалардың үзак және курделі жолынан өтіп, нақты экономикалық және саяси тәуелсіздікке қол жеткізіп, әлемдегі экономикалық және нарықтық үдерістерінің белсенеңді қатысуы бола білді. Тұнғыш Президент халқымыздың өркендеу мен егемендік жөніндегі сан ғасырлық үлттық арман-тілектерін жүзеге асырды, қоғамды топтастырудың басты факторы және үлттық көшбасшылықтың бейнесіне айналды.

Остандастарымыз қысқа уақыт ішінде көптеген жұмыстарды жүзеге асырды. Бүгінде еліміз Орталық Азияның экономикалық көшбасшысы болып танылды. Қазақстан әлемдік өркениетте өзінің лайықты орнын

алды. Еліміз бүкіл әлемдік үдерістерге өнірлік және жаһандық ауқымдағы маңызды істердің бастамашысы ретінде қатысып келеді. Қазақстан - қырып-жою қаруарлық қолдануға қары жаһандық қозғалыстың танымал көшбасшысы ретінде мойындалды.

Әлемнің көптеген елдеріндегі әлеуметтік сілкіністер аясында біздің мемлекетіміз тұрақты және сенімді дамып келеді. Бүкіл әлем ұлтаралық және конфесияралық келісімнің қазақстандық үлгісіне тәтті болып отыр.

Бүгінде қазақстандықтар Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған реформаларды, бейбітшілік пен келісім саясатын толық қолдайды және оны жүзеге асыруды жалғастыруда. Ел экономикасын тұрақтандыру мен жаңыртуды Елбасымыздың есімімен байланыстырамыз.

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті күнімен шын жүрекten құттықтаймын! Сізге және сіздің тұған туыстарыңызға зор денсаулық пен бақыт, отбасылық амандық және барлық істеріз бен бастамаларыңызға сәттілік тілеймін!

**Құрметтепен,
Ерлан Нұрлыбекұлы
ШУЛАНОВ,
«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАК
Басқарма Төрагасы -
Ректоры**

ЖЕЛТОҚСАН -

Қазақстан
Республикасының
ТҰНҒЫШ
ПРЕЗИДЕНТИ
КҮНІ!

ДЕКАБРЯ -
ДЕНЬ ПЕРВОГО
ПРЕЗИДЕНТА

Республики Казахстан!

* * *

Уважаемый коллектив университета! Поздравляю вас с государственным праздником - Днем Первого Президента Республики Казахстан!

Данная дата является свидетельством высокого доверия, глубочайшего уважения и признания народа Казахстана своему Первому Президенту - Лидеру нации Нурсултану Абишевичу Назарбаеву. 30 лет назад именно выбор народа определил дальнейшую судьбу страны, когда казахстанцы отдали ему преобладающее большинство голосов.

Наш Елбасы возглавил страну в сложное, нестабильное время. Пройдя долгий и тяжелый путь рыночных реформ, Казахстан достиг настоящей экономической и политической независимости и стал активным участником экономических и торговых процессов в мире, прежде всего, благодаря Нурсултану Назарбаеву. Первый Президент воплотил многовековую национальную мечту о процветании и суверенитете, стал основным фактором консолидации общества и воплощением национального лидерства.

За короткий срок казахстанцы сделали многое. Сегодня наша страна - экономический лидер Центральной Азии. Казахстан занял достойное место и в мировой цивилиза-

ции. Республика участвует во всех мировых процессах как инициатор важных начинаний региональных и глобальных масштабов. Казахстан - признанный лидер глобального антиядерного движения.

На фоне социальных потрясений во многих странах мира наше государство развивается устойчиво и уверенно. Весь мир восхищается казахстанской моделью межэтнического и межконфессионального согласия.

Сегодня казахстанцы всецело поддерживают и продолжают реализовывать реформы, начатые Лидером нации Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, политику мира и согласия. С его именем мы связываем стабилизацию и модернизацию экономики страны.

От всей души поздравляю вас с Днем Первого Президента Республики Казахстан! Желаю вам и вашим близким крепкого здоровья и счастья, семейного благополучия и успехов во всех делах и начинаниях!

**С уважением,
Ерлан Нұрлыбекови
ШУЛАНОВ,
Председатель Правления -
Ректор НАО «СКУ
им. М. Козыбаева»**

Kozybayev University халықаралық жоғары оқуорнына айналып келеді

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы - Ректоры Ерлан Нұрлубекұлы Шуланов АҚШ-қа арнайы іс-сапармен барып, Аризона университетімен жан-жақты танысты.

Біз 2020 жылы өткізілген «Nur Otan» партиясының праймеризіне қатысып, Петропавл қаласына еліміздің түкпір-түкпірінен талантты жастарды оқуга және жұмысқа көбірек тарту үшін Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне халықаралық мәртебе беру туралы ұсынысымызды ортаға салған едік.

Алғашқы кезде жергілікті билік орындары мен білім-ғылым саласына жауапты мемлекеттік үекілдепті ұымдар бұл идеямызға немікүрайді қараға тырысқанымен, Назарбаев Университетінің тәжірибесі негізінде Петропавл қаласында озық деңгейлі жоғары оқу орнын ашу туралы біздің бастамамыз «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасына енгізілген соң, нақты істер қолға алына бастады.

АҚШ-тагы Аризона университетінің өкілдері бірнеше рет Петропавл қаласына келіп қайтты.

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің базасында қазіргі таңда Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі (Назарбаев Университетінің басқаруымен) және Технология және жаратылыштану ғылымдары жоғары мектебі (АҚШ Аризона университетінің басқаруымен) құрылды.

2021 жылғы қараша айының бас кезінде «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы - Ректоры Ерлан Нұрлубекұлы Шуланов ҚР Білім және ғылым министрлігінің арнайы жұмыс тобының құрамында АҚШ-қа іссапармен барып, Аризона университетінің Президенті Dr. Robert Robbins мырзамен кездесті.

Ерлан Шуланов Аризона университетінің басшылығына Қозыбаев университетінде заманауи үлгідегі ғылыми-зерттеу ғимараты мен екі жатақхана құрылышы қызу жүргізіліп жатқанын жеткізіп, американандық әріптестерді біздің жоғары оқу орны-мыздың барлық оқу кор-пустары мен жатақханаларын күр-делі жөндеуден өткізу жоспар-ланып отырганымен хабардар етті.

Алдағы уақытта Қозыбаев университеті үшін Петропавл қаласында тагы бір ғимарат салынуы мүмкін.

Осылайша, талантты жастарымызға Қазак-Американ қосдипломдық жоғары білім

беру беру үшін дайындық мектептерін құру мүмкіндігіне жол ашылып отыр.

Аризона университетінің (АҚШ) өкілдері біздің Қозыбаев университетінің факультеттерімен, профессорлық-окытушылық құрамымен, ғылыми орталықтарымен жан-

100 қатарына кіреді.

Аризона университетінің кампусы Тусон қаласында орналасқан және тікелей өзіне тиесілі екі жүзден астам ғимараттары, жеке ауруханасы, полициясы, улкен стадионы бар. Яғни барлық қажетті инфрақұрылым мен толық қамтамасыз етілген.

Аризона университетінде 46 мыңдан астам студент білім алады, 11 000 адам жұмыс істейді.

Алдағы уақытта тиісінше екіжақты Келісімге қол қойылып, Манаш Қозыбаев Солтүстік Қазақстан университеті АҚШ-тың Тусон қаласында Аризона университетінің сенімгерлік басқаруына беріледі.

Қазіргі мәліметтер бойынша Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті АҚШ-тың Аризона университетінің қарамағына бірден толық өткізілмейді, келісім белгілі бір мерзімге жасалады.

Келісімге қол қойылғаннан кейін Қозыбаев университетінің профессор-окытушыларды жұмысқа қабылдауға арналған конкурстарды американдық тараппен бірлесіп өткізу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ Қозыбаев университетінің студенттеріне ағылшын тілін тереңірек үйрету үшін американандық студенттерді Петропавлда тағылымдамадан өтүге шақыру, ал біздің талантты жастарымызды АҚШ-қа оқуға жиберу мәселелері де қарастырылған.

Алдағы жылдың қыркүйек айынан бастап Қозыбаев университетінде студенттерімізді академиялық ағылшын тілінде сөйлемеп, жаза білуге үйрететін дайындық мектептері жұмыс істей бастайды.


Бүгінде АҚШ-тагы Аризона университетінде небары 10 қазақ студенті ғана білім альп жүр екен.

Болашақта осы әлемдік жоғары оқу орнында Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің үздік студенттері де білім алатын болады!

Осылайша, Қозыбаев университетінің материалдық-техникалық мүмкіндіктерін қүшету, профессор-окытушылар құрамының еңбек жалақысын қебейту, қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсат етілген.

Ен бастысы - Қозыбаев университетінде жаңа жұмыс орындарын ашып, еліміздің түкпір-түкпірінен мықты мамандарды қызметке тарту арқылы Петропавл қаласын жастар үшін ерекше тартымды білім-ғылым орталығына айналдыру көзделеп отыр.

Мырзантай ЖАҚЫП,
газеттің бас редакторы



АҚШ-та ағылшын тілінде Kozybayev University туралы мақала жарияланды

Аризона университеті жақында Қазақстандағы мемлекеттік жоғары білімді ілгерілету бойынша серіктестік зерттеу үшін Қазақстан Республикасының екі делегациясын қабылдады.

2021 жылды 28 қазандағы алғашқы сапарға Қазақстанның Елшісі Ержан Ашықбаев пен Қазақстанның Сан-Франциско дағы консулдығының Бас консулы Азамат Әбдірайымов кірді.

Делегация штат шенеуніктірімен, соның ішінде губернатор Дағ Дусімен кездесті және күн бойы Аризона университетіндегі кампушен арапал, университет басшылығымен және оқытушылармен серіктестік мүмкіндіктерін талқылады.

«Аризона университеті мен Қазақстан Республикасы арасындағы бұл серіктестік жоғары білім берудегі бірегей және сенімді үлгін құру мүмкіндігі болып табылады және мен бұл ынтымақтастық үшін өте қуаныштымын», - деді Аризона университетінің президенті Роберт Роббинс.

«Мен қазақстандық жастар мен әлемнің түкпір-түкпірінен келген студенттерге өз армандарын орындау үшін дағдылар, энергия, шығармашылық және инновациялар беретін халықаралық маңызды университетті көрсететін толық жүзеге асқан жобаны асыға күтемін».

Қазақстан - дүниенің жүзіндегі ең улкен құрлыққа шыға алмайтын мемлекет және жалпы жер көлемі бойынша 9-шы орында. 18,8 миллион халқы бар ел 1991 жылы Қеңес Одағынан тәуелсіздігін жариялады.

Елшінің Аризонаға сапары қараша айының басында Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ергалиев, Қазақстанның Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ғани Нұғыметов, Солтүстік Қазақстан университетінің ректоры Ерлан Шуланов және басқа да мемлекеттік және жоғары оқу орындарынан негізгі өкілдердің Аризона университетіне сапарымен жалғасты.

Делегация Аризона университеттің арапал, кампус және колledge басшылығымен кездесіп, Аризона университеті мен елдің Ресеймен солтүстік шекара-расына жақын орналасқан мемлекеттік университет - Солтүстік Қазақстан университеті (СҚУ) арасындағы ынтымақтастықты талқылады.

Қазақстан Республикасы мен Аризона университетінің реңми өкілдері жоғары білім саласындағы бірлескен бастамаларды талқылады.

Аризона университеті мен Солтүстік Қазақстан университеті арасындағы ынтымақтастықтың нығайтуға және дамытуға бағытталған кепіс-сөздерге үкімет пен білім беру саласының өкілдері қатысты.



Сапар барысында делегация университеттің, соның ішінде - Ауыл шаруашылығы және әмір туралы ғылымдар колledge, Білім колledge, Инженерлік колledge, Құрметті колledge, Гуманитарлық колledge, Зәң колledge, Медицина колledge, Медицина колledge Фармация, Мел және Энид Цукерман Қоғамдық денсаулық сақтау колledge, Ғылым колledge және Әлеуметтік және мінез-құлық ғылымдары колledgeнің 40-тан астам профессорлық-окытушылар құрамымен және қызметкерлерімен кездесті.

Олар сондай-ақ Аризонаға ағаш сакиналарын зерттеу зертханасына, Бартлетт академиялық жетістік орталығына, Студенттік табыс ауданы мен CATalyst студиясына, Ричард Ф.Карис айна зертханасына, денсаулық ғылымдарының инновациялық ғимаратына және Аризона симуляциялық технологиялар мен білім беру орталығына (ASTEC) барды.

Әңгімелесулер Солтүстік Қазақстан университетінен Қазақстанның мемлекеттік университеттерінің академиялық жетістіктер үлгісіне айналуға көмектесу үшін әлеуетті ынтымақтастықтың нығайтуға арналды.

1937 жылы құрылған Солтүстік Қазақстан университеті - еліміздегі ең көне оқу орындарының бірі.

Ресеймен солтүстік шекара-

куаныштымыз», - деді Аризонаның жаһандық мәселелер жөніндегі вице-президенті және жаһандық білім деканы Брент Уайт.

«Қазақстанда жүргізіліп жатқан оқу бағдарламаларын, педагогиканы және ғылыми зерттеулерді дамытуды қолдана университеттіміздің тарихи күштерін пайдаланады және екі институтты да тартатын мүмкіндіктер жасайды», - деді Уайт.

2021 жылдың шілдесінде Қазақстанға сапары кезінде Аризона университетінің басшылығы стратегиялық серіктестік мәселелерін талқылау үшін Мемлекет басшысымен (link is external) кездесті.

Осы келіссөздер барысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан студенттерге экономикалық төлем қабілеттілігіне қарамастан жоғары сапалы мемлекеттік білім беру үшін өзінің мемлекеттік университеттерін одан әрі дамытуға бейілді екенін атап етті.

Одан әрі ол СҚУ мен Аризона университеті арасындағы серіктестік Қазақстанның мемлекеттік білім берудің озық үлгісін құру үшін аса маңызды екенін атап етті.

Аризона университеті, ҚР Білім министрлігі және СҚУ арасында серіктестік контурларды туралы диалог жалғасуда.

«Бұл сапарлар, - деді Аризона университетінің провосты Лисль Фолкс, - Аризона университеті басшылығының Қазақстанға сапарларымен қатар, Қазақстан Республикасы мен Аризона университетінің болашақ ұрпақ студенттері мен педагогтарына дайындықты қүштейту жөніндегі ортақ міндеттемесін білдіреді. жаһандық сын-қатерлерге төтеп беру».

«Мен бұл серіктестікің дамыуын асыға күтемін, өйткені ол екі мекемеге де, екі елге де пайдалы болады, өйткені ол дамып, екі мекемеде студенттер мен оқытушылардың болашақ ұрпақтарын өсіреді», - деді Фолкс.

10 қараша, 2021 жыл
Келли Адамс Келлер,
Аризона Жаһан

Ақпаратты дайындаған:
Мырзантай ЖАҚЫП,
газеттің бас редакторы

В течение двух дней в СКО находилась делегация Университета Аризоны. Американские коллеги встретились с руководством нашего вуза по вопросам дальнейшего стратегического партнёрства. Основной упор сделан на обсуждение образовательных программ (двух университетов), которые имеют наибольше точек соприкосновения, для реализации двухдипломных проектов.



Расында да, Қозыбаев университетінің ұйымдастыруышылқ құрылымына толықтырулар мен өзгерістер енгізілпі, екі жоғары мектеп құрылды.

Қозыбаев университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің құрамына Тіл және әдебиет институты, Педагогикалық факультет, Тарих, экономика және құқық факультеті кафедраларымен бірге енгізілді.

Қозыбаев университетінің Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебін Назарбаев Университеті басқаратын болды.

Ал Қозыбаев университетінің Технология және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебінің құрамына Агротехникалық факультет, Медициналық факультет, Инженерия және сандық технологиялар факультеті, Математика және жаратылыстану ғылымдары факультеті кафедраларымен бірге енгізілді.

Ал Қозыбаев университетінің Технология және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебін АҚШ-тағы Аризона университеті басқаратын болды.

Қозыбаев университетінің ұйымдастыруышылқ құрылымына енгізілген толық-

Стратегическое партнёрство с Университетом Аризоны: прорабатывается возможность получения двойного диплома

Напомним, ранее было подписано трёхстороннее соглашение о сотрудничестве между Министерством образования и науки РК и двумя высшими учебными заведениями.

Для более глубокого ознакомления с деятельностью Kozybayev University, его инфраструктурой и ППС, гости: проректоры, деканы, директора научных школ и департаментов, профессора из США посетили факультеты нашего вуза. Вначале подробно ознакомились с работой подготовительного отделения Foundation.

«Ранее коллеги посетили предприятия ТОО «Қызылжар сұт», агрохимическую лабораторию «AgroLab», молочный завод КТ «Зенченко и Ко», где студенты оттачивают практические навыки. Пообщались с представителями индустрии, узнали, какие у них есть запросы: к молодым спе-

циалистам, к оснащённости кадров, необходимым научным исследованиям. Сейчас важно понять, как будут синхронизированы образовательные программы наши с Университетом Аризоны», - отметил Председатель Правления - Ректор Ерлан Шуланов.

Также партнёры ознакомились с лабораторной базой, проектами наших учёных, рассмотрели пути привлечения инвестиций и модернизации вуза. Кроме того, проведены встречи с директорами школ области для обсуждения вопросов поступления выпускников на двухдипломные ОП и программы подготовки Foundation.

Екатерина ВОЛЬДАНОВА,
редактор медиацентра

Kozybayev University-нің құрамында екі жоғары мектеп құрылды

2021 жылдың 27 қыркүйегінде ҚР Премьер-Министрі Асқар Мамин «Nur Otan» партиясының сайлауды бағдарламасының жол картасын іске асыру жөніндегі штаб отырысын өткізді.

Осы отырыста еліміздің Білім және ғылым министрі Асхат Аймагамбетов «Nur Otan» партиясының сайлауды бағдарламасын іске асыру аясында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің базасында қазіргі таңда Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі (Назарбаев Университетінің басқаруымен) және Технология және жаратылыстану ғылымдары жоғары мектебі (АҚШ Аризона университетінің басқаруымен) құрылғанын хабарлады.

тырулар мен өзгерістер «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (KEAK) Директорлар кеңесінің 2021 жылдың 01 қазанындағы № 10 хаттамасымен бекітілді.

Қазіргі кезде Назарбаев Университетінің жоғары білім беру мектебі Қозыбаев университетінің декандары, кафедра менгерушілері, академиялық білімшелерінің қызыметкерлері үшін семинар-тренингтер өткізіп жатыр.

Сондай-ақ жақында Қозыбаев универси-

тетіне АҚШ-тағы Аризона университетінің бір топ өкілдері арнайы келеді деп жоспарланған.

Осылайша, «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» KEAK Басқарма төрағасы - Ректоры Ерлан Нұрлыбекулы Шуланов бастаған жас және жігерлі басшылықтың жетекшілігімен жоғары оку орнымызда жақсы жаңалықтар мен он өзгерістер болып жатыр.

Мырзантай ЖАҚЫП,
газеттің бас редакторы

присутствовать в крупнейшем вузе северного региона Казахстана. Надеется, что сможет расширить компетенции студентов и коллег, применяя принципы европейского образования, обменяться опытом и знаниями.

Саулюс Нефас прошёл путь от преподавателя истории средней школы до члена Парламента Литвы. Он также являлся экспертом-консультантом Учебного и консультационного центра Ассоциации местных органов власти в Литве.

Екатерина ВОЛЬДАНОВА,
редактор медиацентра

На шаг ближе к европейскому образованию

В течение месяца занятия у студентов кафедры «Экономика и учёт» будут вести профессор литовского университета им. Миколаса Ромериса (г. Вильнюс) Саулюс Нефас. Он читает курс на английском языке «Менеджмент качества в органах власти» у полиязычных групп.

Зарубежный специалист прибыл в Kozybayev University по программе МОН РК уже в четвёртый раз. Впервые он посетил наш вуз в 2018 году, читал лекции, даже занимал должность директора Департамента науки, затем, в период пандемии проводил онлайн уроки.

На этот раз, помимо занятий со сту-

дентами, в рамках работы ИППК, профессор Нефас проводит курсы для ППС по менеджменту в образовании. Также запланировано его участие в семинарах, запись видеолекций и публикация статей в международных научных журналах совместно с нашими учёными. Как отметил сам иностранный специалист, он рад вновь

Академик Манаш Қозыбаевтың ескерткішіне гүл шоқтары қойылды

2021 жылғы 12 қарашада Kozybayev University-де «Қозыбаев оқулары - 2021: Білім мен ғылымды дамытудағы жаңа бағыттар мен заманауи көзқарастар» атты конференция өткіzlді.

Конференция аясында жоғары оку орнымыздың №1 және №2 оку ғимараттарының арасындағы аландағы академик Манаш Қозыбаевтың ескерткішіне гүл шоқтары қойылды.

Академик Манаш Қозыбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсіміне «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы - Ректоры Ерлан Нұрлыбекұлы Шуланов қатысты.

В Kozybayev University в рамках чествования 90-летнего юбилея Манаша Козыбаева состоялась международная научно-практическая конференция «Козыбаевские чтения - 2021: Новые подходы и современные взгляды на развитие образования и науки».

Манаш Қабашевич был хранителем исторической научной мысли Республики. Его глубокий и пытливый ум известен всем, кто профессионально занимался наукой. Исследования академика Козыбаева, его гражданская позиция сыграли заметную роль в становлении новой государственности, и его можно с полным правом отнести к когорте выдающихся учёных страны.

С 2003 года Северо-Казахстанский университет с гордостью носит имя прославленного академика, а проведение Козыбаевских чтений стало добром традицией вуза.

В этом году в мероприятии, в том числе онлайн, участвовали учёные из Казахстана, Франции, Литвы, стран СНГ. Поступило свыше 370 докладов. Все началось с возложения цветов к бюсту Манаша Козыбаева. Отдать дань уважения собрались его соратники, коллеги, ученики, ППС университета.

На пленарном заседании с привет-

ственной речью от имени акима СКО обратился его заместитель Гани Ныгыметов. Председатель Правления - Ректор Ерлан Шуланов отметил: «Жизненный путь М.Козыбаева - пример долголетнего, добросовестного служения казахстанской науке. Им была подготовлена целая плеяда талантливых учёных: около 90 кандидатов и докторов наук. Создана целая научная школа. Хотелось бы особо отметить эту его роль, так как подготовка нового поколения исследователей - это наша общая задача, чтобы наша наука развивалась». О значимости фигуры Манаша Козыбаева в мировой исторической науке рассказал депутат Сената Парламента РК Мухтар Кул-Мухаммед.

Выступили на конференции государственные и общественные деятели, ректоры крупнейших вузов РК, руководители научных и культурных центров, научно-исследовательских институтов.

В ходе мероприятия состоялась презентация книг, изданных в рамках чест-

вования 90-летия академика М. Козыбаева: «Историк в меняющемся мире. Тарихшы және оның заманы», сборник документов и материалов, а также сборник научных трудов и воспоминаний «Академик Манаш Қозыбаев және Тәуелсіздік белестері».

Видные учёные представили доклады: «Независимость и национальный исторический код», «Актуальные проблемы отечественной истории в трудах Манаша Козыбаева», «Феномен личности академика Манаша Козыбаева», «Иновации в науке: сравнительный анализ Казахстана и Литвы», «Академик Манаш Кабашевич Козыбаев - первый идеолог Независимого Казахстана» и другие.

Также была организована выставка Архива Президента РК, посвященная жизни и деятельности М.Козыбаева.

**Екатерина ВОЛЬДАНОВА,
редактор медиацентра**

www.nkzu.kz



Академик Манаш Қозыбаевтың мерейтойына арналған кітаптардың тұсауқесер рәсімі өткіzlді

«Қозыбаев оқулары - 2021» атты конференция аясында академик М. Қозыбаевтың туғанына 90 жыл толуына арнайы шығарылған кітаптардың тұсауқесер рәсімі өткіzlді.

Мерейтой қарсаңында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің қолдауымен мынадай еңбектер жарық көрді:

- «Тарихшы және оның заманы». Құжаттар және материалы жинағы. Құрастырган: Қайрат Шекерімұлы Әлімгазинов, Қазақстан Республикасы Президентінің архиві директо-

рының орынбасары, т.ғ.д., профессор;

- «Академик Манаш Қозыбаев және Тәуелсіздік белестері». Ғылыми мақалалар және естеліктер жинағы. Құрастырган: Зираубі Маймақызы Төленова, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архівінің қызметкери, т.ғ.к., доцент.

Академик Манаш Қозыбаевтың туғанына 90 жыл толуына арнайы шығарылған кітаптардың тұсауқесер рәсіміне «Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қо-амының Басқарма төрағасы - Ректоры Ерлан Нұрлыбекұлы Шуланов қатысты.

2021 жылдың 8 қазан күні М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің атсалысумен үйімдастырылған «Солтүстік Қазақстан және Алаш» атты халықаралық конференцияға Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларынан Солтүстік өңірге Қазақстан Республикасы Елтанбасының авторы, профессор Жандарбек Мәлібекұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Әмірзак Өзғанбай, «Қашармандар» Республикалық қоғамдық қорының президенті, Қазақстан Республикасының еңбек сінірген қайраткері Сабыр Қасымов, ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабек, Ш. Үәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов, Мемлекет тарихы институтының директоры Еркін Әбіл, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия үлттық университеттінің профессоры Серік Негімов, «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сұлтан-Хан Аққұлы, жерлестеріміз: генерал-лейтенант Абай Тасболатов, ҚР ҰҒА Құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Буркітбай Аяған сияқты бір топ белгілі ғалымдар легі келді.

Қозыбаев университеттіне мұндай құрамда ғалымдардың келіу бәріміз үшін өте маңызды. Саяси құғын-сүргін құрбандағы толық ақтау бойынша республика көлемінде көп жұмыстар атқарылып жатқаны бәрімізге мәлім. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеттінің осы іс-шараса тікелей атсалысып, Алаш тақырыбында арнағы конференция өткізуге мұрындық болғанын ерекше атап өтү керек.

Петропавл қаласында 8-9 қазан күндері болған ғалымдар бірнеше маңызды іс-шараса қатысты. Атап айтсақ, қазанның 8 күні Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейінде «Асыл мұра» ғылыми орталығында еңбек етіп, өлкениң тарихын зерттеуге мол улес қосқан өлкетанушылар: Г. Қыдыралин, К. Мұқанов, С. Жұмабаевқа арналған мемориалдық тақтаниң ашылуына қатыссыз.

«Асыл мұра» зерттеу орталығы 20 жылдан астам уақыт бойы өлкеде тарихи-мәдени зерттеу жұмыстарын жүргізіп, фольклорлық материалдарды жинақтап, Қожаберген жырау,

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ АЛАШ



Сері Сери, Үкілі Ыбырай т.б. көптеген тұлғалар есімінің қайтада жаңғыруына арқау болған.

Конференцияға шақырылған ғалымдар тақтаниң салтанатты ашылу тусаукесеріне қатысып, жылы лебіздерін білдірді.

2021 жылдың 8 қазан күні М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің атсалысумен үйімдастырылған «Солтүстік Қазақстан және Алаш» атты халықаралық конференция барысында өңірге келген ғалымдар Петропавл қаласында бірқатар білім беру нысандарында болып, арнағы дәріс оқыды.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетіне Қазақстан Республикасы Елтанбасының авторы, профессор Жандарбек Мәлібекұлы, мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы Еркін Әбіл, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия үлттық университеттінің профессоры Серік Негімов келді.

Жақындаған Солтүстік Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының шешімімен Алаш қайраткерлерінің есімдері берілген № 2 орта мектепке (Смағұл Сәдуқасовтың есімі бе-

рілді) ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабек, Ш. Үәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов; Әлихан Бекейхан есімі берілген № 25 орта мектепке «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сұлтан-Хан Аққұлы ба-рып, ужымға және білім алушыларға Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі жайында арнағы дәріс оқыды.

Конференция барысында арнағы жоспарланған мұндай шараның мақсаты - өңірге келіп жатқан белгілі ғалымдардың үзақ жылдар бойы зерттеу жұмыстарының нәтижесінде белгілі болған, ғылыми айналымға енгізілген құнды ақпаратты жүртшылықта жеткізу.

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеттінде болған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтанбасының авторы Жандарбек Мәлібекұлына ғылыми Кенестің шешімімен, университет Басқарма Төрағасы - Ректоры Ерлан Шулановтың тікелей қолауымен «Құрметті профессор» атагы берілді.

Тағы бір ерекше атап өтетін жағдай, Еліміздің Елтанбасының авторы Жандарбек Мәлі-

бекұлының қолынан өзінің қолтаңбасы бар герб төсбелгісін алу мен үшін өте маңызды сәт болды.

Университет студенттеріне танымдық дәріс оқыған ғалымдарға ризашылығымызды білдіріміз!

2021 жылғы қазаның 9-ы күні М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеттінің үйімдастырылған, Солтүстік Қазақстан әкімдігінің қолдауымен, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің атсалысумен, жергілікті Барлыбаевтар әuletтінің демеушілігімен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы аясында Қызылжар жерінде «Солтүстік Қазақстан және Алаш қозғалысы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Іс-шара 1918 жылды Қамбыл ауданында (сол кезде Аққұсақ) Алаш қайраткерлерінің қатысуымен болған маңызды жиынға арналғандықтан, сол ауданың орталығы Пресновқадағы мәдениет үйінде өтті.

Кезінде кеңестік тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйесінің құрбандары болған боздақтарды толық ақтау - бүгінгі ұрпақтарының парызы. Осындау



жазықсыз жапа шеккендердің қатарында Алаш қайраткерлерінің қасіретті тағдыры - бүкіл қазақ халқы үшін үлкен қасірет.

Қызылжар өнірі - тарихи кезендерде талай оқиғаны басынан өткізген, бірегей тұлғалардың тағдырына әсер еткен, шешуші қадамдар жасалған Ұлы Даланың құтты мекені.

Конференция барысында ел мен жер тұтастығы мәселе, Тәуелсіздікке жету жолында қурестік айшықты беттері, дана тұлғалардың өсietі мен қайраткерлік ерлігі жайында ғылыми ой-толғамдар, құнды пікірлер ортага салынды.

Іс-шараны 1918 жылы Жамбыл ауданында өнірге есімі белгілі демеуші Әлти бидің қонысында Міржақып Дулатұлы бастаған Алашордашылардың қатысуымен тарихи жын болған жерде өткізудің өзіндік маңызы бар. Жынға Алашорданың Орталық комитетінің мүшесі Міржақып Дулатұлы, Омбыдағы облыстық Алашорда комитетінен келген Ережеп Итбаев, Айдархан Тұрлышбаев, Пе-

тропавл уездік Алашорда Комитетінің мүшелері Салмақбай Күсемісов, Жұмағали Тілеулин, Кекшетау уездік комитетінің өкілі Ерқосай Мұқышев, барлығы

кеттік Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібекұлы, Өмірзак Озғанбай, Мәмбет Қойгелдиев, Сабыр Қасымов, Зарқын Тайшыбай, Абай Тасболоватов, Бұркітбай Аяған, Серік Негімов, Дихан Қамзабек, Зиябек Қабылдинов, Еркін Әбіл, Сұлтан-Хан Аққұлы сияқты қоғам және мемлекет қайраткерлері, отандық белгілі ғалымдар Виктор Козодой, Орзан Сөйлемез, Жұмағұл Байдилдеев, Татьяна Тугай, Сауле Таикешева сияқты Ресей, Турция, Қыргызстан ғалымдары бейне баяндамаларымен қашақтықтан қатысты.

Конференция барысында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті ұжымының атынан Басқарма тәрағасы - Ректор Е. Шулановтың құттықтауы болды.

Конференция жұмысы барысында ғалымдар маңызды ғылыми жаңалықтарымен бөлісіп, тұжырымды ойлар айттылды.

Сонында төмендегідей қарап қабылданды:

1. Конференцияны үйімдасырып, сапалы деңгейде өткізілуіне ықпал еткен, азаматтарға және мекемелерге ризашылық танытып, алғыс білдіру;

2. Конференцияя келіп түсікен макалалар негізінде «Солтүстік Қазақстан және Алаш» атты Халықаралық конференцияның материалдары жинағын басып шығару;

3. 1918 жылғы тарихи оқиға болған жерге орнатылған мемориалдық ескерткіш пен Барлыбаевтар әулеті кесенесін облыстық және республикалық киелі жерлер картасына енгізу мақсатында Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігіне, «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығына арнайы ұсыныспен шығу;

4. Барлыбаевтар әулеті және 1918 жылы Алашордашылардың қатысуымен болған тарихи оқиғаны білім алушыларға және көпшілік қауымға насиҳаттау үшін мектеп окулықтарына енгізу мақсатында КР БФМ «Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығынына, Ыбырай Алтынсарин атындағы үлттық білім академиясына арнайы ұсыныспен шығу;

5. Алаш мәселе sine қатысты тарихи оқиғаның Отан тарихындағы маңыздылығын және терең зерттеуді қажет ететінін ескере келіп, осындағы ғылыми-теориялық конференцияны Қазақстанның барлық өнірлерінде өткізу;

жүзден астам алашордашылар қатысқан екен.

Алаш қозғалысы - Отан тарихының айшықты беттерінің бірі. Елін Тәуелсіздікке жетелеген, халқына аяnbай қызмет еткен Алаш аристарының идеясы, қайраткерлігі мен жасампаздығы бәрімізге, әсіресе болашақ үрпаққа үлгі. Тәуелсіздігімізді баянды ету, осы жолдагы Алаш қайраткерлері сияқты Ұлы тұлғаларымыздың қызметін қаірігі және болашақ үрпаққа насиҳаттау бәріміздің парызымыз.

Конференцияның жұмысы келесі бағыттада өтті:

- Алаш қозғалысы мен Алаш-Орданың Отан тарихындағы маңызы және рухани мұрасы;
- Алаш зиялышарының өмірі мен қызметі;
- Солтүстік Қазақстан өнірі Алаш қайраткерлерінің тағдырында;
- Алаш қозғалысының Тәуелсіздік және Үлттық бірегейлік идеяларын қалыптастырудығы рөлі.

Конференция жұмысына Қазақстан Республикасы Мемле-

тетілген мәселеленің маңыздылығын ескере келіп, Алаш қозғалысы, Алаш Орда үкіметі, Алаш қайраткерлерінің өмірі мен қызметі тақырыбындағы ғалымдардың конференциядағы бас қосуын жыл сайын дәстүрге айналдыру;

7. «Саяси құын-сұргін құрбандарын толық ақтау мемлекеттік комиссиясы туралы» Мемлекет басшысының Жарлығы аясында жұмыс істеп жатқан өнірлік жұмыс топтары 1918 жылы шілде айында Жамбыл ауданында болған жиын және басқа да оқиғаларға қатысып, жазықсыз жазаланғандар, жапа шеккендер бойынша Ресей Фдерациясы, Қазақстан және алыс-жақын мемлекеттердің архивтерінен, сол оқиғаның күнегері болған азаттардан деректер (ауызша, жазбаша) жинақтап, ғылыми айналымға енгізу;

8. Солтүстік Қазақстан өнірінде әлі күнге дейін көптеген мәселелердің тілті тарихи көзөндөрдің жан-жақты, толық зерттелмеуіне орай, ғылыми әлеуеттің жетіспеушілігін ескере келе, өнірдің тарихын, мәдениеттің зерттейтін арнайы ғылыми-зерттеу институтын ашуға немесе Ш. Үэлиханов атындағы Тарих және этнология институтының, Мемлекет тарихы институтының филиалдарын ашуға ұсыныс беру.

2021 жылдың 9 қазанында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің үйімдастыруымен өткен «Солтүстік Қазақстан және Алаш» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциядан кейін қонақтар Абылай хан резиденциясына барды. Резиденциядағы XVIII ғасырда Қазақ елінің тәуелсіздігін сақтап қалу жолында өзіндік із қалдырған Абылай ханның өмірі мен қызметі, сол кездегі тарихи оқиғалар көрінісі қонақтар тарағынан қызығушылық танытып, өз ой-пікірлерін ортага салды. Еліміздің Елтаңбасының авторы Жандарбек Мәлібекұлы Абылай ханың релін, тұлғалық қайраткерлігін ерекша атап өтті. Алаштапушы ғалым Сұлтан-Хан Аққұлы резиденция емес, Абылай хан ордасы болса дүрсісірақ болар деген пікір айтты.

(Соны 8-бетте).

Солтүстік Қазақстан және Алаш

(Соңы. Басы 6-бетте).

Гимараттың әр экспонатын тамашалаган еліміздің белгілі ғалымдарының музей экспозициясы керемет әсер қалтыргандай деген жақын ойда қалдық. Соңында музейдің естелік кітап-бына ғалымдар өз қолтаңбаларын қалтырды. Жандарбек Мәлібекулы арнасын батасын беріп, ескерткіш ретіндегі Елтаңба төсбелгісін табыс етті.

2021 жылдың 9 қазан күні М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің атасалысуымен, жергілікті Барлыбаевтар әулетінің демеушілігімен үйімдас-тырган «Солтүстік Қазақстан және Алаш» атты халықаралық конференцияға Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан Солтүстік өңірге Қазақстан Республикасы Елтаңбасының авторы, профессор Жандарбек Мәлібекулы, мемлекет және қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Емірзак Озғанбай, «Қаһармандар» Республикалық қоғамдық қорының президенті, Қазақстан Республикасының еңбек сінірген қайраткері Сабыр Қасымов, ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабек, Ш. Ұәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов, Мемлекет тарихы институтының директоры Еркін Әбіл, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия үлттық университетінің профессоры Серік Негімов, «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сұлтан-Хан Аққұлы, жерлестеріміз: генерал-лейтенант Абай Тастолатов, Үлттық ғылым академиясының Құрметті академигі,

тарих ғылымдарының докторы, профессор Бұркітбай Аяған сияқты бір топ белгілі ғалымдар леңі келді.

Конференция барысында Барлыбаевтар әулетіне арналған кесене ашу (Барлыбай Шәукерұлы, Қекен Барлыбайұлы, Тәбей Барлыбайұлы, Тәшмұхамед Тәбейұлы, Әлти Қекенұлы) сияқты XVIII-XX ғасырлар аралығында өмір сүріп, болыс, би, заң қызметкери бола отырып, олар сол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық өміріне етене араласқан, қолдау көрсеткен ел аза-маттары болған. Меселен, ұрпақтарының «Қекен сері» атанған, Сегіз сері, Нияз сері, Біржан сал сияқты атақты сал-серілердің қатарында болған. Әлтиулы Сәдуақас - Аққұсақ (қазіргі Жамбыл ауданы) бірі-ші болысы болған. 1928 жылы Қенес әкіметі мал-мұлқін кәмпескелеп, жер аударып, құғынға ұшыратқан.

Конференцияның еткізуге арқау болған осы Әлти бидің қонысындағы тарихи оқиға. 1918 жылы Жамбыл ауданында өңірге есімі белгілі демеуші Әлти бидің қонысында Міржақып Дулатұлы бастаған Алашордашылдардың Орталық комитетінің мүшесі Міржақып Дулатұлы, Омбыдағы облыстың Алашорда комитетінен келген Ережел Итбаев, Айдархан Тұрлыбаев, Пе-тропавл уездік Алашорда Комитетінің мүшеселері Салмақбай Қусемісов, Жұмагали Тілеулін, Қөшетау уездік коми-тетінің әкілі Ерқосай Мұқышев, барлығы жүзден астам алашордашылар мен мындаған халық қатысқан екен. 1917 жылдың желтоқсан айында құрылған Орынборда еткен Бүкіл-қазақ съезінде құрылған Алаш Орда үкі-

метінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру, Алаш әскерін құру т.б. көптеген өзекті мәселелер көтерілген бұл жиынның маңызы өте зор. Бұл мәселе әлі толық зерттелмеген, ғылыми негізделмеген.

Осыған орай, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті «Тарих» мамандығының магистранттары мен студенттеріне дипломдық және магистрлік тақырыптарды осы бағытта беру қолға алынды. Конференцияға тарихи оқиға бойынша фольклорлық дерек жинау мақсатында тарих мамандығының магистранттары арналы барып қайтты.

Солтүстіктен бастау алған бұл бастама еліміздің өзге өңірінде жалғасын табатынына се-німдіміз.

Сонымен қатар, конференция барысында ата-бабаларының демеушілік, қамқоршылық ісін жалғастырып келе жатқан үрпағы Нагашыбай Сапарұлы Барлыбаевтың атынан Жамбыл ауданынан шыққан үлгерімі жақсы студентке қамқоршылық демеу көрсету мақсатында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығының 3 курс студенті Даурія Жұмабекқызы Ибраевага арналы шәкіртқа тағайындалады.

Осындағы атқарылып жатқан игі істерге разы болған конференцияға арналы келген ғалымдар, алдағы уақытта ғылыми жұмыстарымызға қолдау көрсететінін жеткізді.

**Ақмарал Ғосманқызы ҰЫБЫРАЕВА,
«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан университеті» КЕАК
Басқарма төрагасының - Ректорының
көңесшісі, тарих ғылымдарының
докторы, профессор**

Исторически сложилось так, что территория Северного Казахстана стала местом единения множества вероисповеданий. Пёстрая конфессиональная палитра края формировалась в течение веков совместного проживания различных этносов, которые старались сохранить свои мировоззренческие принципы, избегая любого рода принуждения. Установление добрососедских отношений в духовной сфере привело к созданию уникальной мультиконфессиональной среды, благоприятной для взаимного существования большого числа вероучений.

Так, отчётные данные управления по делам религий Северо-Казахстанской области за первый квартал 2021 года показывают, что в регионе насчитывается 136 религиозных объединений и филиалов, относящихся к 11 конфессиям.

Преобладающее количество верующего населения края группируется вокруг таких вероучений, как ислам, православие и католицизм. Гораздо меньше последователей имеют пятидесятнические церкви, Евангельские Христиане-баптисты, Свидетели Иеговы, пресвитерианские церкви, адвентисты седьмого дня, Евангелическо-Лютеранская Церковь, Новоапостольская

Гид по религиозным объединениям Северо-Казахстанской области

В СКУ им. М. Козыбаева издано учебно-методическое пособие «Догматические и культовые особенности религиозных объединений Северо-Казахстанской области», повествующее о жизни и мировоззрении представителей всех конфессий, представленных в регионе.

Церковь и общество сознания Кришны.

Стоит добавить, что все вышеперечисленные конфессии - это официально зарегистрированные в органах юстиции местные религиозные объединения.

В этой связи у людей, далеких от религиозной практики, но интересующихся жизнью своих верующих сограждан, могут возникать следующие вопросы: каковы особенности религиозных объединений Северного Казахстана? Какие принципы лежат в основе их взаимодействия с окружающим миром?

Для ответа на эти и многие другие вопросы члены научно-методического объединения кафедры «Ассамблея народа Казахстана» решили провести анкетирование среди руководителей местных конфессий. Полученные в результате опроса данные были использованы в рам-

ках написания учебно-методического пособия.

Рассмотрев культовые и догматические особенности религиозных объединений Северо-Казахстанской области, авторы труда постарались выявить основополагающие мировоззренческие принципы, образы и представления, составляющие ценностный базис верующих региона.

Пособие, как и другие методические разработки кафедры «Ассамблея народа Казахстана», можно найти на сайте университета в разделе «поисковая система ИРБИС».

**Вячеслав ЧИНИШЛОВ,
студент специальности
«Журналистика»**

АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ СОЛТУСТІКЕН БАСТАЛҒАН

2021 жылдың 9 қазанында «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Солтүстік Қазақстан және Алаш қозғалысы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізdi.

Ғылыми жынын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы аясында Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің, Ш. Ұәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің қолдауымен үйимдастырылды.

Конференция жұмысының негізгі бағыттары:

- Алаш қозғалысы мен Алаш Орданың Отан тарихындағы маңызы және рухани мұрасы;
- Алаш зияялышарының өмірі мен қызметі;
- Солтүстік Қазақстан өңірі - Алаш қайраткерлерінің тағдырында;
- Алаш қозғалысының Тәуелсіздік және Үлттік бірегейлік идеяларын қалыптастырудығы рөлі.

Конференция Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Іргебайұлы Ақсақаловтың және «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КЕАК Басқарма тегерасы - Ректоры Ерлан Нұрлыбекұлы Шулановтың құттықтау сөздерімен ашылды.

Конференцияға Туркия Республикасы, Ресей Федерациясы және Қыргыз Республикасынан, сонымен бірге Нұр-Сұлтан, Алматы, Қекшетау және басқа да қалалардан шетелдік және отандық ғалымдар арнаиды қатысып, ғылыми ой-тұжырымдарын ортага салды.

Аталған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция аясындағы іс-шараларды қолдан, демеуішлік көрсетіп жатқан Нагашыбай Сапарұлы Барлыбаев өзінің атынан Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданынан шыққан үлгерімі жақсы студентке

қамқоршылық демеу көрсету мақсатында М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Мал шаруашылығы енімдерін өндіру технологиясы» мамандығының 3 курс студенті Даурия Жұмабекқызы Ибраевага арнаиды шәкіртакы тағайындауды.

Конференция бағдарламасында ғалымдар М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті мен колledge студенттеріне және мектеп оқушыларына дәріс өткізді.

Конференцияның Ұйымдастыру комитеті



Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі
М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті
Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік архиві

Қазақстан Республикасы Тауелсіздігінің 30 жылдығына арналған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығы аясында өткізгін «Солтүстік Қазақстан және Алаш» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

БАГДАРЛАМАСЫ
2021 жылдың 9 қазан



ПРОГРАММА

Международной научно-практической конференции
«Северный Казахстан и Алаш» посвященной 30-летию
Независимости Республики Казахстан, проводимой в рамках
Указа Президента Республики Казахстан К.К. Токаева
«О Государственной комиссии по полной реабилитации жертв
политических репрессий»
9 октября 2021 года
Петропавл, 2021

нің мүшесі - М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті ректорының кеңесшісі, Саяси құғын-сүргін құрбандарын толық ақтау комиссиясының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жұмыс тобының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ақмарал Госманқызы Ибраева «Солтүстік Қазақстан және Алаш қозғалысы» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның маңызы жайында былай деп түсінкітеме берді:

«1918 жылы Солтүстік Қазақстан об-

лысы, Жамбыл ауданында Алашорда қайраткерлерінің үлкен жиыны болған. Соған еліміздің түкпір-түкпірінен көтеген азаматтар келген. Бұл іс-шара негізінен осы оқиғаға байланысты өткізілейін деп отыр.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдары осы өңірге Міржақып Дулатов бастаған алашордашылар келген. Сол кезде осы жерде Әлти Қекенұлы деген қазақтың байбакуатты азаматы үлкен көмек беріп, қаржылай демеушілік жасап, алашордашыларды қабылдаган. Әлти бидің қыстауында Алашорда қайраткерлерінің жинальсы болып, оған өте көп халық жиналған. Алаш үкіметін қалай дамыту, Алаш әскерін құру, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын қалай жақсарту секілді сол кездегі күн тәртібінде тұрган өте езекті және үлкен мәселелер қарастырылған.

Әлти бидің үрпақтары осы оқиғаға байланысты арнайы кесене салып, ескерткіш тақта орнатқан. Конференция барысында осы кесене мен ескерткіш тақта салтанатты түрде ашылды.

Конференция жоғарыдағы тарихи оқиғаның ғылыми негізделіп, дәлелденіп, дәйектелуі болып табылады және жалпы ғылыми жынын осыған арналып отыр.

Алаш қайраткерлерінің мұндай жинальстары кезінде еліміздің барлық өңірлерінде өткізілген. Бірақ осы мәселе әлі күнге дейін көтерілмеген, толық айттылмай келген.

Осынау маңызды іс-шараларды өткізу тәжірибесі Солтүстік Қазақстан облысынан бастау алып, еліміздің барлық аймақтарына таратылады.

Мәселеңін мәні - осында.

Конференция 2021 жылдың 9 қазанында Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл ауданында орталығы Пресновка ауылының мәдениет үйінде өткізілді.

Сондай-ақ «Жамбыл ауданының

атақты тұлғалары» көрме үйимдастырылды.

Ал 2021 жылдың 8 қазанында, конференция қарсаңында Солтүстік Қазақстан облысындағы орталығы Петропавл қаласындағы С. Мұқанов атындағы ғылыми әмбебап кітапханада ғалымдардың қатысуымен брифинг өткізілді.

Мырзантай ЖАҚЫП,
газеттің бас редакторы

БАЯН-ӨЛГЕЙ МЕН ҚЫЗЫЛЖАРДЫ ЖАҚЫНДАТҚАН СҰХБАТ

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының Дайындық бөлімдеріндегі үлтты қазақ шетел азаматтарын оқытудың мақсаты қандай?

Қазақ диаспоралары, қандастар мен шетелдік азаматтардың жаңа ортаға бейімделуі, атамекенге білім алуға атбасын бұрган қандастарымыздың жағдайлары қазіргі таңда қандай?

Және өзге де сұрақтар бойынша Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің «Foundation» факультетінің «Қазақ тіл мен әдебиеті» пәннің оқытушысы Нұрбібі Тұрсынғалиқызымен шағын сұхбат құрдық.

- М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің құрамындағы Foundation факультеті қашан құрылды және жалпы факультеттің қызметі туралы айтып етсөн.

- М. Қозыбаев атындағы СКУ Foundation факультеті 2016 жылы дайындық бөлімі базасында жеке факультет болып құрылды, сол уақыттан бері тұрақты жұмыс жасап келе жатыр.

Жалпы 1991 жылы еліміз тәуелсіздік алғаннан бастап Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев дүниежүзіндегі қазақтардың басын біркітіру мақсатында бар қазақтың Атамекені - Қазақстан Республикасына тарырай шашылған қазақтарды шақырган уақыттан бері шетелдегі қазақ жастары еліміздің жоғары оқу орындарына келіп оқи бастады.

90-шы жылдардың ортасынан бастап Қозыбаев университеті де қандас жастарды оқытып келеді. Қептеген жастар дайындық бөлімінде оқып, ары қарай жоғары білім алып, қазіргі таңда еліміздің азаматтарына айналды. Факультет қызметіне келесек, басты қызметі - үлтты қазақ шетел азаматтарын ҚР Білім және ғылым министрлігінің грантымен 9 ай ҰБТ-ға дайындал, қандас жастардың жоғары білім алуына жол ашы.

- Жоғары оқу орнымыздың студенттердің қатарын толтыруды «Foundation» факультетінің рөлі мен орны қандай дег ойлайсыз?

- Талапкерлер ортасын қалыптастыруды маңызды рөлге ие дег ойлаймыз. Себебі жылда «Foundation» факультетінің еліміздің жоғары оқу орындары-

Әлемді алаңдатқан COVID-19 коронавирус инфекциясының салдарынан пайда болған санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты Петропавл қаласындағы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті «Журналистика» кафедрасының бір топ студенттері Қазақстанға жете алмай, өздерінің атамекендері - Монголияның Баян-Өлгей аймағынан келе алмай, қашықтықтан білім алып жүр.

Баян-Өлгейде тұрып жатқан студенттеріміз соған қарамастан сабака белсенді қатысып, профессор-оқытушылардың үйге берілген тапсырмаларын мүқият орындалап, үздіксіз ізденістерімен танылышп қарасты.



на оқуға туседі. Бізде оқыған тыңдаушылар тек біздің университеттеге қалсын деген шарт жоқ. Соңдықтан тыңдаушы өзі таңдаған жоғары оқу орнына бара алады. Соған қарамастан олардың 75-80 пайызы Қозыбаев университетін таңдал жатады.

- Быылғы оқу жылында факультеттерінде қай елдерден тыңдаушылар білім алуда?

- Монголия, Өзбекстан, ҚХР-нан жылда тыңдаушылар оқуға туседі. Быылғы ерекшелік Иран Ислам Республикасынан 14 қандас жастарымыз биыл біздің университетті таңдады.

- Быылғы жаңа үшкіншілік шекараларының көңіл-кеңілітін, 14 тыңдаушы Иран Ислам Республикасынан білім алып жатыр дедініз. Иран Ислам Республикасынан келген қазақ жастарының ерекшеліктеріне тоқтала кетсөніз?

- Қай елде болсын қандас жастарымыз сол елдің заңына бағына отырып, сол елдің білім жүйесінде мектепте, колledgeде білім алады. Жоғары оқу орнына түсем десе, атамекендерінде білім аламын десе, біз куана қарсы аламыз.

Иран Ислам Республикасынан білім алып жатқан тың-

тіркелу, оқуға тусу ережелері белгілі болғанда тікелей бізben хабарласу керек.

- Пандемияга байланысты қашықтықтан білім беруге сіздің көзқарасыңыз қалай?

- Шекаралар ашылып, әр елдегі тыңдаушыларымыз кедергісін елімізге келіп, оффлайн сабак оқуға не жетсін, бірақ қашықтықтан оқуды да жүзеге асырудамыз.

- Оқып жатқан тыңдаушыларға университет тарапнан жағдайлар жасалған ба?

